

Тақырыбы: Балалардың керек-жарақтарын санитарлық- гигиеналық бағалау.

Балалардың күнделікті қолданылатын заттарына ескертпелі санитарлы қадағалауға жаңа шығарылуы тиіс заттарға, оларды өндіріске кою алдында санитарлық баға беру жатады. Оны медицина институттарының, ғылыми-зерттеу институттарының, ірі санитарлық-эпидемиологиялық станциялардың санитарлық-гигиеналық және санитарлық-токсикологиялық лабораторияларында органолептикалық, санитарлық-химиялық, физикалық, токсикологиялық, микробиологиялық әдістерді қолданып жан-жақты тексереді.



Бірақ, төменде көрсетілген шаралар: еңбектің көлемі мен негізі организмнің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келуі; еңбектік іс-әрекеттердің қолайлы санитарлық-гигиеналық жағдайы; организмге түсетін жүктемелерді акырындап, "баспалдақты" түрде жоғарылату ережесінің қатал сақталуы; еңбектік іс-әрекеттердің қарқыны



Ойыншықтар балалар денсаулығына зиянсыз болуы тиіс. Оның өткір бұрыштары немесе қолға қадалатын өскіндері болмауы керек. 3 жасқа дейінгі балалар үшін ойыншықтың салмағы – 100 гр, 7 жасқа дейінгі балалар үшін – 400 гр, ал 10 жасқа дейінгі балалар үшін – 800 гр, аспауы керек. Қолданылған электр қуаты 200 В, ал оның шығаратын шуы 65 ДБ аспауы тиіс. Егер ойыншықтан зиянды заттардың бөлінуі байқалса, оны санитарлық-токсикологиялық лабораторияның тексеруіне жібереді.

Балалар киімі мен аяқ киімін жасау үшін тек мемлекеттік санитарлық инспекциясы рұқсат еткен материалдары қолданылады. 4 жасқа дейінгі балалардың киімдеріне синтетикалық және ацетаттық жіптер болмауы тиіс. Одан жоғарғы жастағы балалар киімдерін каптовскозды және мақта-лавсан жіптерінен тоқылған матадан тігуге болады.



Алайда, жіптердің құрамындағы лавсан және капрон жіптерінің көлемі жалпы қолданылған материалдың 40% аспауы қажет. Егер киім мақта-қағаз және капрон жіптерінен тоқылған матадан жасалса, онда оның құрамындағы капрон жіптерінің пайыздық шамасы 28% аспауы керек. Киімнің үшінші қабатының матасында 50%-дан 100% дейін синтетикалық және жасанды жіптерді қолдануға болады. Киімді жылы ететін қабатты 4 жасқа дейінгі балалар үшін тек табиғи материалдардан, ал одан жоғарғы жастағы балалар үшін 50% синтетикалық материалдан жасау қажет. Киімнің астына салатын материал тек табиғи материал болған жөн.



Аяқ киімнің асты қысып, оның қан немесе лимфа айналымын нашарлатпау керек. Балалар аяқ киімінің өлшемін балалар табанының ұзындығына 10 мм қосу арқылы анықтайды. Резинадан жасалған аяқ киімді (етік немес кроссовка) үнемі киіп жүруге болмайды. Оның жан-жақты бітеу болуы аяқтың терлегіш болуына және оның патологияға айналуына алып келеді. Аяқ киім аяққа шақ және жайлы болуы тиіс. Ол үшін әртүрлі баулар, белдіктер, сырмақтар қолданады. Баулары жоқ аяқ киімдер аяқты тез шаршатады. Сондықтан ондай аяқ киімді үнемі киіп жүруге болмайды.



Оқулықтардың мұқабасын өндеуге қойылатын гигиеналық талаптар, балалардың көз анализаторларының ерекшеліктеріне негізделген. Оқыған кезде көзге түсетін жүктеме негізгі екі жағдайдан тұрады: көріну жағдайы және оқуға қолайлылығы. Тексттің көрінуі қағаз бен баспаның сапасына байланысты болады, оқуға қолайлылығы - баспа белгілерінің размеріне, олардың түсіне, баспа бояуларының суретіне және теріп алынған әріптердің орналасу жағдайына байланысты болады.

Орындаған: Ақбердиева А
Тобы: 408 / А ҚДС
Қабылдаған: Қарабалаев Н